



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) мен қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Тасбоғет кенті С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде мектеп оқушыларының арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем тозбеушілік ахуалын қалыптастыру мақсатында "Адал ұрпақ - Мәңгілік ел болашағы" атты "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубтарының қалалық ІІ слеті өтті.

Шарада соз алған Департаменттің бас маманы А.Сәлімжан рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контексінде мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында облыстың 284 орта мектептерінде «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар өткізіліп келетіні және қазіргі уақытта осы клуб мүшелерінің саны 15 000 жеткені жөнінде айтып өтті.

Слет аясында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелерінің белсенді қатысуымен жемқорлыққа қарсы тақырыптарда олендер оқу, флешмобтар, «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты суреттер көрмесі және «Жемқорлықсыз болашақ!» атты онерпаздар концерті өткізілді.

Откізілген іс-шараларда орта мектеп оқушылары «Адал ұрпақ» ерікті клуб мүшелігіне қабылданған оқушылар ант қабылдап, клубқа мүше жастарға тосбелгі тағылды.

Аталған шарада мектептерде «Парасатты азамат» бұрышы әрбір сыныпта орнатылғандығы және тоқсан сайын жанартылып тұратындығын атап отілді.

Шара сонында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына толықтай жауап берілді.

Б.Әбдіқадыров